

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Литература:

1. Интернет-ресурс: официальный сайт АО «Билд Инвестментс Групп» <http://www.bi-group.kz/>;
2. Консолидированная финансовая отчетность АО «Билд Инвестментс Групп» за год, закончившийся 31 декабря 2014г;
3. Консолидированная финансовая отчетность АО «Билд Инвестментс Групп» за год, закончившийся 31 декабря 2013г;
4. Савицкая Г. В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учеб. пособие / — 7-е изд., испр. — Мн.: Новое знание, 2002. — 395 с.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША АЛҒАШҚЫ РЕТ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ

Оспанова З.Ж., Жуматаева Б.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ospanova_zere@inbox.ru

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша алғашқы рет қаржылық есептілікті дайындау кезінде туындайтын негізгі сұрақ – бұл, атқарылатын жұмыстың барлық кезеңдерінде оның дайындығына жауап беретін жауапкер маманды таңдау болып табылады. Оны іске асыру үшін ұйымның қызметкерлері мен тәуелсіз кеңесшілер тартылуы мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі күндері аралас нұсқалардың болуы кездеседі. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша қаржылық есептілікті дайындаушы жұмыстың бірінші кезеңінде сауалнаманы қалыптастырады және ол бойынша жауаптарды қаржылық-бухгалтерлік, кадр, заңдық, операциондық және т.б. қызмет бөлімшелері ұсынуы шарт болып табылады. Есептілікті дайындау үшін өдетті ақпаратты жинау процессіне әрдайым ұйымның мамандары жауапты болады. Бұл бағдарламадан алынатын бухгалтерлік мәліметтерді жинау, оларды өз уақытында жүйеде қалыптастырған қызметкерге оңай болатынымен шарттастырылған. Аталған процесске сырттан кеңесшіні тарту процесі – өты қымбат процедура болып табылады, өйткені бухгалтерлік есеп жүйесін, бағдарламалық өнімді, аналитикалық және жеке операцияларды зерттеу үшін оған көп уақыт қажет болады.

Сұранысқа жауап беретін ұйым бухгалтері ақпараттың әрі қарай қалай қолданылатыны туралы әрдайым біле бермейді. Сондықтан ол оны әрқашан қисынды ұсына бермейді. Есептілікті құраушы жауапты анализден өткізу үшін уақытты жаратады және ол бухгалтерді өзінің қойған талабын орындауды да сұрауға мүмкін. Ақпаратты ұсынуға кететін уақыт кезеңінің қысқарту үшін есептілікті құрастырушы кестелерді толтыру бойынша бухгалтерлерге қысқаша нұсқаулар беруі мүмкін. Ол жинақталатын ақпараттың әр бөлігін, толтырылу мақсатын және жиі кездесетін негізгі қателерді айқындауы керек. Бастапқы ақпарат жиналған кезде, есептілікті қалыптастыруды бастауға болады, сондықтан оны мамандарды тарту жағынан есептілікті дайындаудың үш негізгі нысанын қарастырайық.

Біріншісі – бұл, есептілікті тәуелсіз кеңесші қалыптастыруы. Ұйым кеңесшіге есептілікті қалыптастыру үшін қажетті барлық мәліметтерді жоғарыда айтылған ақпараттық сауалнамалар форматында ұсынады. Содан кейін кеңесші өз күшімен қаржылық есептілікті дайындайды. Қалыптастырылу алдында жоба тапсырыс беруші жақтан болатын басшымен талқыланады, себебі ол арқылы резервтерді қалыптастыру, құнсыздану бойынша тестілеуде өткізу, сегментті және өзге де ақпаратты ашу бойынша кәсіби ойлар қозғалады. Есептілікті қалыптастыру аяқталған соңкеңесші қанай түзетулер жасалғаны, қандай жорамалдар мен тәсілдемелер қолданылғаны туралы барлық жұмыс құжаттарын ұсынады. Бұл келесі есепті кезең бойынша есептілікті дайындау кезінде ақпараттың бірізділігін сақтауға жол береді. Сонымен қатар есептілікті құрастырушы маман барлық есептік файлдар бойынша түзетулер мен есептілікте ашылатын ақпарат бойынша аудитордың барлық сұрақтарына аудиторлық қорытынды берілген сәтке дейін жауап береді.

Кеңесші мен ұйымның қызмет бөлімшелері арасында қарым-қатынасты жақсарту үшін ақпарат ағымдарын қадағалайтын персоналды тағайындауға болады. Ұйымның көлеміне байланысты бұл қызметті бас бухгалтер немесе арнайы құрылған бөлімше атқара алады. Қажеттілік туындаған жағдайда аталған персонал әкімшілік ресурсты қолдануына болады. Жылдық және аралық есептілікті дайындайтын ұйымдар үшін тәуелсіз кеңесші нұсқасы мінсіз болып келеді. Бұл кезде баға, сапа мен қызметті көрсету уақытының оптималды қатынасы қалыптасады. Жоғарыда сапалары келтірген маманның өзінің әдістемелік базасы мен әртүрлі аудиторлық компаниялармен қарым-қатынас жүргізу тәжірибесі болады.

Соңғы жылдары көптеген ірі компаниялар ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікті өздігінен қалыптастырады. Кейбір компаниялар алдына қойылған мақсатқа жету үшін арнайы білімі бар мамандарды жинау арқылы, ХҚЕС бөлімін қалыптастырады. Компания құрамындағы ХҚЕС бөлімі үшін ең мінсіз ахуал болып есептілікке қол қоятын қаржылық басшыға тікелей бағыну болып табылады. Аталған бөлімнің басқа бөлімдерден ақпаратты толығымен алу құзыреті болуы керек. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілікті қалыптастыру кезінде мамандар бірдей уақытта қажет ақпаратты ХҚЕС үшін жинайды. Әдетте, бұл әрекетті аналық компанияның есеп жүйесіне өздігінен кіру арқылы орындайды. Жүйеде керекті ақпараттары жоқ немесе қанағаттандырмау сәтінде, сұраныстарды кадр, операциялық және заңнамалық бөлімшелерге жолдайды. Еншілес ұйымдар бойынша мәліметтерді де ақпараттық сұраныс жіберу жолымен алады.

Өзіндік ХҚЕС бөлімін құрастыру нұсқасын таңдаған кезде келесіні түсіну керек – оған кететін ақша қаражаттары тәуелсіз кеңесшіні тартқанға қарағанда құны жағынан әлдеқайда жоғары болады. Арнайы құрылымдар аумағында өздерін көрсеткен және тәжірибесі бар мамандар қымбат келеді. Компаниялар оларды бір немесе екі ретке емес, тұрақты жұмыс істеуге алады, сонымен қатар, әрдайым кадрларды кздіксіз қайта дайындау мен әдістемелік базаны сақтау қажет болады. Себебі, заңнама мен ХҚЕС үнемі өзгертіліп немесе жағарып отырады, жаңа операциялар, тіпті компаниялардың жаңадан қызмет түрлері пайда болады. Ресурстардың шектеулілігі – есептілікті өздігінен қалыптастыру кезінде туындайтын тағы да бір проблема болады. Топты аса тәжірибелі мамандармен толықтыру қажеттілігі пайда болуымен қиын-қыстау сәттерде, оны оперативті іске асыру қиындық туғызады. Осылайша, аудиторларға немесе ұқсас жобалық кеңесшілер тобына негізделген профессионалдар тобы ғана болған кезде өзіндік ХҚЕС бөлімшесі тиімді әрі жемісті қызмет атқарады. Ал осындай топты ұйымдастыру үшін, компания тәуелсіз кеңесшілік қызмет көрсететін ұйым өзіне алатын шығындарға тең болатын ақша қаражаттарын жұмсаған кезде ғана қол жеткізе алады. Бірақ, өзіндік ХҚЕС бөлімін құрастыру мен ұстау бойынша ақиқат қиындықтар есептілікті оперативті дайындау процесі секілді сөзсіз ерекшелікті артығымен компенсациялайды. Есептілікті қалыптастыру мен ақпаратты жинау процесстерін паралельді жүргізу, коммуникация тізбегінде қосымша буындардың болмауы – осы пунктер компанияны арнайы ХҚЕС бөлімін құруға итермелейді. Жоғарыда аталған барлық факторларды есепке алғанда, компания үшін өзіндік ХҚЕС бөлімін қалыптастыру есептілікті әр тоқсан немесе нақтырақ айтқанда әрдайым дайындау кезінде тиімді болып келеді. Осы кезде ғана қызметкерлердің жоғары формадағы еңбекақысы мен сондай бөлімшені қалыптастыру мен ұстауға кететін шығындар орынды болады. ХҚЕС бөлімшесі неше мамандардың бірігуінен тұруы қажет? Мысал, 8-10 компаниялар тобынан құралатын ірі бір аналық компанияда ХҚЕС бөлімшесі екі-үш маманнан құралуы мүмкін. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру мен ұсыну процесін іске асыру үшін бір аса тәжірибелі маман жеткілікті, ал қалғандары есептілікте ашылатын аса қиын есеп айырысуларды өткізуге жеткілікті түрдегі халықаралық стандарттар бойынша білімі бар қызметкерлер болады.

ХҚЕС бойынша есептілікті қалыптастырудың ұсынатын соңғы және «аралас» деп аталатын нұсқасы әмбебап болып табылады. Ол әр тоқсан, әр жыл, стандартты немесе ықшамды уақытта құрастырылатын қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылуы мүмкін. Есептілікті қалыптастыру үшін құрастырылатын ХҚЕС бөлімшесінің ішкі және сыртқы

мамандары комбинациясы кезінде ең кең таралған құрылым – Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттары аясында жетік білімі бар мамандар мен қызметкерлермен алдын-ала өңделген ақпараттар мен әдістемелік сұрақтар бойынша шешімдер негізінде қаржылық есептілікті қалыптастыратын тәуелсіз кеңесшілер болып табылады.

Қорытындылай келе, трансформациялау жолымен ХҚЕС бойынша есептілікті қалыптастырудың әрбір нұсқасының өзіндік айырмашылықтары мен кемшіліктері бар. Егер компания таңдаған бағдар бойынша тәуекелдерді басқару бойынша қажетті процедураларды қабылдайтын болса, онда есептілікті қалыптастыру процесі табысты өтеді. Бірінші есептілікті қалыптастырудан кейін ұйым процессті әрі қарай оптимизациялау жолын таңдай алады, сонымен қатар, оны жартылай немесе мүмкіндігінше толық автоматизацияландыра алады.

Әдебиеттер:

1. Марк Баят. IFRS 1 — First-time Adoption of International Financial Reporting Standards. – IASplus, 2015;
2. Полина Сунгурова. Первичная информация для подготовки отчетности, - Актуальная Бухгалтерия, 2015;
3. CPA Canada, First-time reporting on financial statements for private enterprise, 2015.

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ОБЕСЦЕНЕНИЕ АКТИВОВ

Ромазанова А.Е., Омашева А.Б.

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: ainur.abugaliyeva@mail.ru

Идентификация активов, стоимость которых уменьшается, должна проводиться на каждую отчетную дату, чтобы выявить признаки, указывающие на возможность обесценения данных активов. Согласно МСФО 36 рассматривается ряд признаков, указывающих на возможное обесценение актива из внешних и внутренних факторов. К внешним факторам относятся:

- 1) уменьшение рыночной стоимости актива на существенно большую величину, чем ожидалось за данный период при нормальном использовании;
- 2) существенные изменения, которые произошли за период или ожидаются в ближайшем будущем в технологических, рыночных, экономических или правовых условиях функционирования компании или конкретного актива;
- 3) увеличение в течение периода рыночных показателей рентабельности инвестиций, которые, вероятно, повлияют на ставку дисконта, что приведет к существенному уменьшению возмещаемой величины актива;
- 4) чистые активы по балансу компании превышают стоимость ее рыночной капитализации.

К внутренним источникам информации относятся:

- 1) доказанное устаревание по сравнению с другими аналогичными образцами или физическое повреждение актива;
- 2) отрицательные изменения, которые произошли или ожидаются в будущем и которые включены в планы прекращения или реструктуризации деятельности, в которой функционирует актив, либо ликвидации актива до ранее установленной даты его списания;
- 3) превышение необходимых денежных средств по сравнению с бюджетом на приобретение или эксплуатацию и обслуживание актива;
- 4) фактические поступления денежных средств или операционной прибыли либо убытка от актива значительно меньше предполагаемых в бюджете;